



## Ізгілік іздері



«Адамның кіндік қаны тамған топырақта жүрегінің жартысы қалады» дейді. Шынында, суын ішіп, ауасын жұтып, топырағына аунап өскен өңірдің кім-кімге де әсер күші болмай қоймайды. Қазақтың мәрт мінезі, жомарт пейілі жерінің кеңдігіне тартқан. Омархан да қазақтың бір ұлы. Жетісу жерінде, Іленің жағасында өмірге келді, балдәурен шағын өткізді. Сол өңірден нәр алды.

Ол немеренің тұңғышы екен. Ондай немерені кенжесіндей көретін қазақтың дәстүрі емес пе, ол туғанда атасы Өксікбай:

– Ақ түйенің қарны жарылды! Ақ түйенің қарны жарылды! – деп жарияға жар салыпты. Қатты қуанғаны ғой. Сөйтіп көк есегіне міне салып құдықтан су әкелуге асығыпты. Шелекке байланған жіп қысқалық қылса керек, баяғы патша заманынан бермен белінен түспей келе жатқан күміс тоғалы кемер белдігін шеше салып, жіпке жалғап су тартыпты. Сонысы ұмыт қалып қояды. Немересінің қуанышына елігіп оны есінен шығарыпты. Содан бір күні бәйбішесі Қыздаркүл: «Әй, әдемі белдігің бар еді, ол қайда?» – демей ме. Сонда ғана ойына оралып: «Әнебір күні құдықтағы су алатын жіп қысқалық жасап, соған жалғап едім», – деп орнынан тұра сала солай қарай тартады. Барса, біреулер қайысын ғана қалдырып, күмісін кесіп алып кетіпті. Бірақ, ол кісі оған өкіне қоймайды. «Күміс емес, алтын болса да әкетсін, оның орнына Алла Омарханымды берді ғой», – депті жарықтық.

«Адамның атында тағдыры тұрады» дейді. Бәлкім, содан да болар, ат, есімнің де жақсы, жарасты болғанына бұрынғылар айрықша мән берген. Омарханның атын нағашы әжесі қойса керек. Ол кісінің есімі де өте сирек естілетін – Ақсырға екен. Ақсырға ұйықтап жатып түс көрсе керек, «Омархан, Оразхан дедіңіз бе?» депті. Сәлден соң оянады. Сол кезде: «Сіз жаңа ұйықтап жатып бір кісіден: «Омархан, Оразхан дедіңіз бе?» деп сұрадыңыз. Арғы жағында тағы да күбірлеп бірдеңелер айттыңыз, оны ести алмадық», – дейді сол сөзді құлақтары шалған қос ұлы қатарласып. «Ә, солай ма? Онда даусым шығып кеткен болды ғой. Түс көрдім. Түсімде ақ сақалды қария көрдім. «Қызыңның аяғы ауыр, ұл туады. Оның атын Омархан қой. Одан кейін тағы ұлды болады. Оның есімін Оразхан қой» деді. Соны ұмытып қалмайын деп, «Омархан, Оразхан дедіңіз бе?» деп пысықтап сұрап едім», – деген екен.

Омарханның атасы Өксікбай Алланы аузынан тастамайтын өте бір иманды жан екен. Бірде қажылыққа баруға ниеттенеді. Жалғыз көк өгізін мініп, ас-суын қоржынына салып жолға шығады. Әлденеше күн жүріп Әулиеатаға жетеді. Ол кезде бүгінгі Тараз солай аталатын. Міне, осында келгенде ол кісі аяқ астынан сырқаттанады. Әрмен қарай жүруге жарамайды. Содан қаланың ортасындағы үлкен мешітке барады. Иمامына жолығып,

«Осылай да осылай, қажылық парызымды өтеуге ниеттеніп едім, ауырдым. Жағдайыма қарасам, жете алатын түрім жоқ. Қайтсем екен?» дейді. Аузында дұғасы, басында әппак сәлдесі бар имам: «Ниетіңіз жақсы екен. Бірақ, мынадай жағдайда сізге барамын деп, қасиетті бір парызымды өтеймін деп сапарлаудың өзі ауыр. Жөні – үйіңізге қайтыңыз. Мына келіп отырған мешітіңіз де Алла тағаланың бір үйі. Садақанызды осы жерде де беріп, мінәжат етсеңіз жарасады. Алланың маңдайыңызға жазған жазуы осылай шығар. Мен солай деп отырмын. Хал-күйіңізге куәмін. Сізге жолыңыздың түзулігіне, ниетіңіздің ақтығына куәгермін. Бұл да – пірәдарлық. Сіз соған лайықты жолдан өттіңіз. Енді пірәдар болдыңыз. Құдайдың ақ жолындағы пендесін солай атайды. Ондай кісілердің құлшылығы ерекше болады. Айналасындағыларды Алланың ақ жолына үйіріп жүреді. Жұртты жақсы сөз айтуға шақырады, жаманшылықтан қашырады. Ісінде де, тірлігінде де тазалық болады...» дейді.

Тектілікке, қанның тазалығына қазақ әу бастан-ақ айрықша мән берген ғой. Атасы жақсыдан жаман ұл мен қыз тумайтынын анық білген. Бірақ, өкініштісі, бүгінде «мен жақсымын» дейтіндер толып жатыр. Ал біздің бұрынғы бабаларымыз лайықты тірлік кешкен, ел қорғаған, жерімізді мұралыққа қалдыруға қанын да, жанын да аямаған. Кіндік қан тамған топырақты аялап өткен, осы сезімді ұл-қыздарының бойына ұялата білген. Омархан да осындай қаймағы бұзылмаған қазақы ортада өсті. Әкесі Нұртай Өксікбайұлы да Балқаш өңіріне беделді, ел басқарған, ақылына көркі сай азамат болған. Көп жылдар совхоз директоры, ауыл кеңесінің төрағасы, аудандық партия комитетінің екінші хатшысы қызметтерін үлкен абыроймен атқарған құрметті азамат. Ал, анасы Зылипа отбасындағы сегіз баланы тәрбиелеп өсірген өнегелі ана. Олардың ыстық-суығына көніп, әрқайсысының жақсы тәрбие алуына, білімдар болуына баса назар аударған жан. Ата-анасының үлгілі өнегесін бойына сіңіріп өскен ұл-қыздардың бәрі бүгінде жоғарғы білімді, тәуелсіз еліміздің өркендеуіне өз үлестерін қосып жүрген, өмірде өз орнын тапқан жандар.

«Алла тағала саулықты, тазалықты ұнатады. Қораңызды, аулаңызды, үйіңіздің маңын таза ұстаңыз. Кір-қоқсықтан аулақ болыңыз» депті Мұхаммед пайғамбар (с.ғ.с.) өз хадистерінің бірінде. Тазалық ұқыптылықтан шығады. Күндегісін күнде жинап, жиыстырып, ықтияттап отырса, дағды деген сол. Осындай тазалығы тәнті ететін үйдің шәйі де дәмді келеді. Омархан өскен шаңырақ осындай еді.

Тәрбиенің төресі – еңбек. Еңбекке баулу арқылы адамды тәрбиелейді. Бұл мәселеге кешегі кеңестік заманда айрықша мән берілді. Осы ойыма бір мысал, тіпті, әр ауылдағы мектептің жанында өзінің қосалқы шаруашылығы болды. Онда бақша салады, жеміс-жидек өсіреді, мал асырайды. Олардың өнімдерін сатып, оған түскен қаржыға мектепке қажетті заттар алады. Омархан оқыған мектепте де жазғы каникул кездерінде оқушыларды сол жұмыстарға пайдаланды. Оған басшылық жасау міндеті биология пәнінің мұғаліміне жүктелді.

– Қоян өсіргеніміз де есімде, – дейді ол баяғы уақытқа ой жіберіп. – Ақ, қара, қоңыр түсті қояндар, жүндесі, жүндес емесі – түр-түрі болатын. Жарыса көжектейді. Кіп-кішкентай сүйкімді көжектердің қылығын қызықтаудың өзі ғажап. Айналып жанынан шықпайтынбыз. Қазтаңдай дейтін шөпті еріндерін жыбыр-жыбыр еткізіп, күтірлетіп жейді. Ең бір сүйсініп жейтін шөбі сол. Жоңышқаны да ұнатады. Қазтаңдайды әкелгеннен гөрі жоңышқаны бумалап әкелу оңай. Кейде ауылдағы кісілердің үйде жоқтығын пайдаланып, шарбағындағы жайқалып өсіп тұрған жоңышқасынан тез-тез орып, бір құшак қып мектептің қояндарына апаратын едік. Біздің жақындағанымызды сезісімен жан-жақтан жүгіріп үймелесіп қалатын. Бізге олардың күтірлетіп жоңышқа жегені қызық.

Омарханның әкесі Нұртай көп жыл шаруашылықтарда партия ұйымын басқарды. Әлі есімде, ол уақытта партком хатшыларын екі жыл сайын басқа шаруашылыққа ауыстырып тұратын заң болатын. Сол бойынша Балқаш ауданының жеті шаруашылығында көшіп-қонып қызмет етіпті.

– Мынау Желтораңғыда тұрғанда болған оқиға, – дейді Омархан. – Әкем күнара үйге кісі әкеледі. Алыстан келген қонақтар ғой. Қонақ келген соң дастарқан қамдалмай тұрмайды. Көбіне қой соямыз. Ауылдың жанында отар-отар қой жатады. Кеңшардікі. Бірақ оған тигізбейді. Өзіміздің қорадағы қойларды сойғызады. Оларға қарайтын мен, сондықтан басының кемігені шымбайыма қатты батады. Ол ойымды жасыра алмай айтып қоямын. Әрине, әкеме емес. «Осы совхозда парторгтың да, бас зоотехниктің де, бас бухгалтер мен басқа да бастықтардың үйлері бар, бұлар неге біздің үйге келе береді?» деймін шешеме. Бұл бір жағы қой соятын кісіні іздеп үй-үйге жүгіріп жалыққандықтан да айтатын сөзім. Елдің бәрі жұмыста. «Қой сойып беріңізші» деп қайта-қайта бара беру де оңай емес. Осы сөзімді шешем өзіміз отырғанда күліп айтты. Әкем де күлді.

– Неге күлесіз? Бүкіл малға қарайтын мен. Қайтсем көбейтемін деймін, оны ойламайсыздар... – деймін күйгелектеніп.

– Әй, айналайын балам-ай, енді солай ғой. Бірақ сен оған бола ренжіме. Өсетін мал өседі. Келген әр қонақтың өз ырысы болады. Әрқайсысы ырысымен, ықыласымен келеді, – деді.  
– Енді бұдан кейін қой соятын кісі іздеп жүгірмеу үшін үйретейін.

Сөйтіп, тағы да екі-үш күн өткенде бір кісілер келетін болып қатты дайындалады. Ол кісі қойдың аяқтарын өзі байлап, қалай бауыздау керек екенін, бауыздар алдында сөзді «біссімләдан» бастап, әрі қарай не дейтінін үйретеді. Сирақтарын кесуді, асыққа абай болуды түсіндіріп, тілерсегінен жіп өткізіп, ағашқа қалай асуды көрсетеді. Қалғандарын да жаймен айтып тұрады. Соншалықты алып бара жатқан нәрсе емес. Міне, содан бастап қой сой деп ешкімге жүгірмейтін болыпты. «Маған ауыр тигені – бауыздау. Себебі, солақаймын. Ондай кісілердің оң қолының күші әлсіздеу келе ме, әлде үйренбегендікі ме, әйтеуір тәп-тәуір қиналатын едім. Пышақты әбден қайраймын. Жүні кескізбей әлекке салмауы үшін қойдың алқымын қайшымен қырқып тастаймын. Өстіп бауыздап алғаннан кейін шешем де жәрдемдеседі. Терісін іреп соятынды шығардым», – дейді.

Зіңгіттей-зіңгіттей жігіт бола тұра, қой соймақ түгілі тауықтың қанын шығаруды білмейтін, одан қорқатындар аз емес. Омархан тура он үш жасында қой союды үйреніпті. Бір үйренген соң, әрине, ешкімді іздемейді. Оған дейін қайта-қайта шапқылап барып, қой союға мазалайтын Әділхан дейтін ағасы түргендік болатын. Сондай жақсы кісі, өздері отбасымен етене араласып кеткен адамдар. Сол атасы бір күні анасына:

– Ой, тәте, қой соймайтын болдыңыздар ғой. Әлде үйге кісілер келмей жүр ме? – десе:

– Әй, қойыңдаршы сендерді, шақырсақ бәлсінесіңдер. Қолдарың тимей қалады, тағы бірдеңе дейсіңдер... Әйтеуір, сылтауларың көп. Содан, амал жоқ, Омушқамды үйретіп алдым. Қазір бәрін өзі жайғастырады, – депті.

– Бақыт – еңбекте. Еңбекті сүйіңдер, еңбекті сүйген адамға Алланың иіп беретін ырысы мол болады, – дейді екен сонда әкесі Нұртай. Бүкіл саналы ғұмырын адал еңбекке арнаған кісінің сөзі еді бұл. Сөзі мен ісінің арасында алшақтық болмапты. Бірсөзді, қарапайым, көпшіл, ізетшіл. Осы ерекшелігі қарамағындағы қызметкерлерімен қарым-қатынасынан, қарапайым елге ілтипатынан аңғарылады екен. Қай кезде де күліп сөйлесіп, кеңсесіне кім-кімнің де еркін кіріп, именбей тілдескенін қалапты. «Олар да мен сияқты адам ғой,

адаммен адамша сөйлесу керек. Маған сеніп келді, сөзімді тыңдайды деп келді ғой», – дейді екен.

«Кеше бала ек, келдік қой талай жасқа, Кез келді бір қалыпты тұра алмасқа» деп Абай абыз айтқандай, Омархан ініміз бүгінде алпысқа ат шалдырыпты. Ол Есеп комитетінде жүргенде үнемділік пен тиімділік туралы көп айтатын. Ысырапқорлармен бітіспес күрес жүргізді. Мемлекеттің әрбір теңгесі, әрбірден соң әрбір тиыны өз мақсатында жұмсалсын деумен болды. Халқымыздың келешегі, тәуелсіз еліміздің экономикалық жағынан қарыштап дамуы, табиғи байлықтарды жалпы ұлттық риздыққа айналдыруымыздың мәселесі қатты мазалады. «Үнемшілдік, тиімділік – мемлекеттік ұстаным болуға тиіс» деді. Қарап тұрсам, мұны Омарханның өмірлік кредосы десек те болады екен.

Бұл үлкен биікке көтерілген, мемлекетшіл тұлғаның деңгей-дәрежесі емес пе?!

Міне, осы ретте Омархан бұған қалай жетті, кімдер үлгі-өнеге көрсетті, тәлім-тәрбие жасады деген сауал өз-өзінен алдыңды еріксіз кескестейді. Расында, олар кімдер? Әрине, ата-ана, мектеп тағылымының жөні бөлек, одан кейінгі өзі жоғары экономистік мамандық алған сол кездегі Алматы халық шаруашылығы институтындағы ғалым-ұстаздар берген білімі мен адамгершілік ауанындағы әңгімелері де айрықша әсер еткені сөзсіз. Омарханның Алматы облыстық қаржы бөліміне ешкімнің жетелеуінсіз келіп, қызметіне кіріскеннен кейінгі өткізген өмір мектебі де өзіндік із қалдырыпты.

«Облыстық қаржы бөлімін басқаратын Рафик Сапарұлы Оразиманов соғыстың сұрапылын бастан кешіп, одан соң да басынан талай қиыншылықтарды өткерген, өз саласын өте жетік білетін көшелі кісі екен. Қарамағында қызмет ететіндер де шетінен білгір, тәжірибелері мол мамандар. Өзінің тікелей бастығы болған Николай Константинович Ким де сондай талапшыл азамат екен. Н.К. Ким дұрыс тәрбиелеу үшін, әлі де білмейтіні көп жас маман екендігіне қарамай Омарханды ә дегеннен қиын салаға салды, ауыр-ауыр міндеттер жүктеді. Онысы – кураторлық жауапкершілік. Ол облыстық тұтынушылар кооперациясы, облыстық тұрмыстық қызмет көрсету басқармасы, облыстық коммуналдық шаруашылық басқармасы және басқа да аттары адуын мекеме, ұжымдар. Омархан солардың қаржы жағын қадағалайды. Әдепкіде қатты қиналады. Алайда, білмегенін сұрап, үйренген үстіне үйренуден ерінбейді. Қызмет бабы оны осылай өз қазанында пісіріп, әбден шыңдады. Кейін Балқаш ауданындағы Ақдала жазығын игеру үшін жаңадан құрылған кеңшардағы еңбегі де оны алымды да алғыр, білікті де білгір маман етіп жетілдіре беріпті. Ол сөйтіп, республикалық Қаржы министрлігінің Бас тексеру-бақылау басқармасына өндіріс пен ауыл шаруашылығының, мәдениет, білім саласының қаржы мәселесін жетік меңгерген әмбебап маман ретінде қабылданады.

«Осында аты аңызға айналды дерліктей ағамыз Қолан Амановпен қызметтес болудың мүмкіндігі туды. Ол Бақылау-тексеру басқармасы (КРУ) жетекшісі, министрдің орынбасары болған кісі. Мен үшін мектептің мектебі сол кісінің қарамағында қанаттас жүрген төрт жылым болды. Басқарма бастығының орынбасары лауазымына дейін көтерілдім», – дейді өзі.

Омархан басқарма бастығының орынбасары болған осы мекеме негізінде Мемлекеттік Қаржы бақылау комитеті құрылғаны белгілі. Тәуелсіздік таңы бұл құрылымға да өзгерістер әкелді. Есеп комитеті құрылды. Оның әуелгі басшылығына Е.М. Өтебаевтың тағайындалғаны да есімізде. Енді мүшелерін де бекітетін кез туғанда таңдау кімге түсер екен деп толғатқандар аз болмады. Міне, сонда өзі ұстаз санайтын, өте принципшіл басшы Қолан Аманұлы «осы азаматты алсаң, ұтылмайсың» дейді. Бұл 1996 жылдың көктемі еді.

«17-ші сәуірден бастап еңбек жолымдағы саяси қызметім басталды», – дейді оның өзі. Олай дейтіні, бұл Ата Заңмен айқындалған лауазымды қызмет орны болатын. Оған тағайындалғандар бес жыл сол орнында отыратын. Ұжым шап-шағын, небәрі жиырма үш кісіден тұрады. Әуелгісі – төраға, сегізі – арнайы қаулымен бекітілген комитет мүшелері, қалғандары хатшылар. Шынын айтайын, өз басым олардың атқарған істерін жете білмеймін. Сол себепті алыстап кеткен уақытқа шегініс жасап, аз-кем болса да өзіне сөз берейін.

– Біз әр сала бойынша министрліктерді бөліп-бөліп алып, солардың жүргізетін бағытымен жұмыс жасадық. Менің еншіме қаржылық бақылау жүйесін жетілдіру және әрбір министрліктегі бақылауды ұйымдастыру міндеті жүктелді. Осының сыртында аймақтардағы қаржылық мәселелерді қоса қамтыдық. Мемлекетте жаппай жекешелендіру кең ауқымда жүргізіліп жатты. Ол өте бір шулы, қиыр-шиыры мол науқан ретінде өтті. Бәрі қолмен қойғандай бола қойған жоқ. Асыра сілтеулер де орын алды. Мемлекет сеніп тапсырған істің байыбына бармай, апай-топай, «аттың жалы, түйенің қомында» бітіруге жаныққандар ұшырасты. Оның үстіне білікті мамандар да тапшы еді. Шетелдік инвесторлармен терезесін тең ұстап тілдесетін, әрбір пайыз үшін тіресетін кісілеріміздің болмауы, заңгерлердің жетіспеуі көптеген келісімшарттардың мемлекетімізге тиімсіз жағдайда жүзеге асырылуына алып барды. Комитет құрамындағылардың арасында нағыз кәсіби маман екендігімді ескергендіктен шығар, ең ауыр учаскелер саналатын Қорғаныс министрлігі, Ішкі істер министрлігі секілді органдарды тексеру, қадағалау міндетін маған тапсырды. Жасыратыны жоқ, біздің Қорғаныс министрлігіндегі мамандардың дені басқа ұлттың өкілдері болғандықтан және маңызды салалардың тұтқасы солардың қолында болғандықтан, жетілдірілген қару-жарақ, техникаларымыздың талайын өздерімен бірге алып кету былай тұрсын, бас пайдаларына жаратып, сатып та кетті. Осындай көлеңкелі көріністердің біразының беті ашылды.

Әрине, әлдеқашан біткен оқиға болғаннан кейін қазір айта салу оңай көрінер. Ал ақиқатында өте күрделі, жүрегіне де, жүйкесіне де батпандап ауыртпашылық түсіретін тексеріс мемлекеттік мәні зор міндет болғаны айтпаса да түсінікті. Ол талай-талай маңызды шешімдерге ұйытқы болды. Сол адалдығы мен іскерлігінің арқасында Елбасымыздың назарына ілігіп, сенімін арқалады – Есеп комитетіне төраға болып барды. Бірінші басшы ретінде көптеген бастамаларға негіз салды. Тәуелсіз мемлекетіміздің қаржы-қаражат жағдайының жақсаруына, экономикамыздың ілгерілеуіне ықпал етті. Әрине, ана ісін де, мына ісін де аспандатып мақтауға әбден болады. Алайда, мен шетелдік қаржы саласы мамандарымен тәжірибе алмасу, үйрену жағына айрықша мән берген қызметін ғана айтсам деймін. Омархан Есеп комитетін басқарып жүргенде Америка Құрама Штаттарының «USAID» дейтін мемлекеттік бағдарламасы аясында олардың өздерінің қаржыландыруымен қоян-қолтық араласа жұмыс істеді. Шетелдік сапарларына да осы қаржыны пайдаланды. Зерттеу, нормативтік мәселелерімізді жетілдіру жұмыстарын бірлесе атқарды. Оның сыртында жоғары қаржы бақылау институттарының оқыту, нормативтік мәселелер, жұмыс алмасу бағытындағы «INTASAY», «EUROSAY», «ASIASAY» институттарымен де берік байланыс орнатты. «EUROSAY»-та Еуропаның 32 елі мүше екен. Осындай үлкен қауымдастықпен тәжірибе алмасу, мамандарды оқыту міндетін жүзеге асырды. Оған мүше елдердің өкілдері қаржы саласындағы артықшылықтар мен кемшіліктерді айтып, қателіктерді болдырмаудың амалдарын әңгімелеп, ой бөлісті. Сол секілді «ASIASAY»-тағы әріптестерімізден де біздің қаржыгерлер көп нәрсені үйренді. Соның ішінде жапондық әріптестеріміздің ерекшеліктерін де арнайы сапарлап барып, көзбен көріп қайтты. «INTASAY»-қа кіретін 12 мемлекет бар десек, еліміз соған да мүшелікке еніп, Омархан Өксікбаев қатарынан 3 жыл бойы соның жұмысына төрағалық етті.

«Сол ұйымдардың қызметіне араласу, әрбіріне белсене қатысу біз үшін шын мәнінде үйрену мектебіне айналды», – дейді Омархан.

Омархан Өксікбаев – Тәуелсіз Қазақстанның талай еңбек өткелінен өтті, өзіне тапсырған міндетті әрқашанда абыроймен атқарып келеді. Ол – бүгінде Парламент Мәжілісінің депутаты – халық қалаулысы, үлкенге – іні, кішіге – аға. Адамгершіліктен, кісіліктен тайған емес, таймайды да.

Ол халқының жақсы қасиеттерін бойына сіңірген, өресі биік, білікті, кісілікті қарапайым азамат. Омархан ылғи от пен жалынның ішінде жүрді. Қып-қызыл ақшаның ортасында жүріп дүниенің құлы болмаған, атына кір келтірмеген Омархан, міне, осындай азамат. Омархан інімді мен осы қасиеттері үшін жақсы көремін.

Келініміз Раиса екеуі ұл да, қыз да тәрбиелеген үлгілі, ажарлы отбасының иесі. Отбасы да, Отаны да, өздері де аман бола берсін. Алла бергенінен жаңылмасын. Жақтары түспей жаманшылық көрмесін.

**Мырзатай ЖОЛДАСБЕКОВ**